



**Қазақстан Республикасы астығының мемлекеттік ресурсы жөніндегі Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 маусым N 815. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.09.30. N 1506 қаулысымен. ~P991506

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы астығының мемлекеттік ресурсы жөніндегі Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 13 маусымдағы  
N 815 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы астығының мемлекеттік  
ресурсы жөніндегі  
Ереже

1. Қазақстан Республикасы астығының мемлекеттік ресурсы (бұдан ары -

мемлекеттік ресурсы) азық-түлік, тұқымдық және жемдік мақсаттар үшін астыққа мемлекеттік мұқтажды қанағаттандыру үшін қалыптасады.

2. Мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу көлемін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді және ол контракттық негізде астық сатып алу есебінен қалыптасады.

3. Мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу жөніндегі тапсырысшы қызметі өз жұмысын "Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының мәселелері" жөніндегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 сәуірдегі N 549 қаулысына және Корпорация жарғысына сәйкес ұйымдастыратын , Қазақстан Республикасының аумағы бойынша мемлекеттік ресурсқа астық сатып алуға тапсырыстарды орналастыратын және Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасы арқылы дайындаушы астық компанияларының белгіленген шеңберімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайда тікелей астық қабылдау кәсіпорындарымен жасалған контракттар негізінде оларды сатып алуды қамтамасыз ететін Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясына (бұдан ары - Корпорация) жүктеледі. Дайындау ұйымдары өз кезегінде республика биржаларында тіркей отырып, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден астық сатып алуға шарттар жасайды.

4. Астықтың мемлекеттік ресурсы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен арнаулы тұтынушылардың қажетін қамтамасыз ету, сақтандыру және жұмылдырушы қорларды қалыптастыру мен республиканың басқа да мұқтаждарына орталықтандырылған түрде пайдаланады

Астықтың мемлекеттік ресурсын пайдаланудың аталған тәртібін сақтау үшін жауапкершілік Корпорацияға, жергілікті әкімдерге және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктеледі.

5. Мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу үшін қаржы ресурстары мыналардан:

республика бюджетінің қаржысынан;

мемлекет меншігі болып табылатын материалдық-техникалық ресурстарды тартудан;

банктердің кредиттерінен;

мемлекет мұқтажы үшін сатып алынатын өнімдер құнының сомасына жіберілетін банк вексельдерінен;

тауар өндірушілерді 40 проценттік аванстау жағдайы барысында үлестік негізде коммерциялық құрылымдар қаржысын тартудан құралады.

6. Контракт жасаушы және шартта белгіленген мерзімде ақшалай және материалдық-техникалық ресурстар алған ауыл шаруашылығы тауарларын

өндірушілер бірінші кезекте Корпорациямен номенклатурадағы және контрактта баяндалған көлемдегі өндірілген астықпен есеп айырысады. Оның артығын сату мемлекеттік ресурсқа астық беруге контракттарды орындаған соң ғана жүзеге асырылады.

7. Фьючерлік (форвардтық) және басқа контракттар бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден астық дайындау, әдеттегідей, Қазақстан Республикасының желілік астық қабылдау кәсіпорындарында жүзеге асырылады.

8. Дайындау процесінде астық қабылдау кәсіпорындары ПК-10 тіркелген қабылдау квитанциясын қоса отырып, астықтың салмағын, құнын және өз реквизиттерін көрсетіп 5 күнде (сатып алу күнінен бастап) сатып алынған астық жөнінде Корпорацияға хабарлап отырады. Дайындау аяқталған соң астықтың мемлекеттік ресурсын сақтауға Корпорация мен астық қабылдау кәсіпорындары арасында шарт жасалады.

9. Астық қабылдау кәсіпорындары мемлекеттік ресурс астығы мен дайын өнімдердің сандық-сапалық сақталуын қамтамасыз етеді және оны тек Корпорацияның рұқсатымен ғана сатады. Олар Корпорация алдында Қазақстан Республикасының Мемстаткомы бекіткен есеп беру нысанына сәйкес астық өнімдерінің мемлекеттік ресурсының қолда барына, қозғалысы, сапасы мен шығыны жөнінде есеп береді.

Мемлекеттік ресурс астығы мен дайын өнімдерін сатудың басқа тәртібін қолданған жағдайда астық қабылдау кәсіпорындары Қазақстан Республикасының заңдарына және контракт шарттарына сәйкес жауапты болады.

10. Заңды тұлға - мемлекеттік ресурс астығын сатып алушылар Корпорацияға белгіленген нысан бойынша республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар мен кәсіпорындардың немесе оларға теңестірілген тұтынушылардың сатып алынатын астықты түпкі мақсатқа пайдалануын куәландыратын құжатты ұсынады. Ұсынған құжаттар мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімі негізінде Корпорация алдын-ала төлем жасау шартымен астықты сатып алу-сатуға шарт жасайды. Республикалық арнаулы тұтынушылар мемлекеттік ресурс астығын тек өз тұтыну үшін пайдаланылады.

11. Мемлекеттік ресурс астығының қозғалысы мен мақсатты пайдалануына есеп пен бақылау жасауды Корпорация жүзеге асырады.

12. Корпорация астық сатып алушылардан өз шотына ақша сомасы түскен соң астық қабылдау кәсіпорындарына астық сатып алу үшін олар алған қаржы ресурстарын өтеуге Корпорация шотынан қаражатты бір мезгілде аудара отырып, астық босатуға рұқсат береді.

13. Кредит ресурстары мен олардың проценттерін қайтару тәртібі Корпорация мен банк арасында жасалған шартпен белгіленеді.

14. Мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алуға алынған қаржыны бюджетке қайтару астық қабылдау кәсіпорындарының астықты ұқсату және басқа да сату үшін босату жағдайына орай жүргізіледі. Аталған қаржыны Корпорация республикалық бюджетке аударады.

15. Бюджет қаржысын дұрыс пайдалануға, сондай-ақ аталған қаржының бюджетке қайтарылуына бақылау жасауды Корпорация, қаржы бақылау органдары, салық инспекциялары жүзеге асырады.

16. Корпорация мемлекеттік ресурс астығын және оның ұқсатылған өнімдерін сату кезінде оның жалпы құнынан 3 процентке дейін комиссиялық алым алады және бұл қаржыны Корпорация аппаратын ұстауға және оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға байланысты ағымдағы шығындарға жұмсайды. <\*>

ЕСКЕРТУ. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМ-нің 1995.10.19.

N 1352 қаулысымен. P951352\_

17. Мемлекеттік ресурс астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындары ай сайын есеп беретін айдан кейінгі айдың 10-ына дейін бюджет қаржысы есебінен дайындалған мемлекет мұқтажына арналған астық және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін сату көлемі жөнінде және республикалық бюджет кірісіне тиісті қаржы органдары мен салық инспекциялары 5 күн ішінде тексеріп, облыстық қаржы басқармасына, облыстық салық инспекциясына және облыстардағы Корпорация өкіліне қайтаруға тиісті қаржы жөнінде есеп ұсынатын болады. Олар өз кезегінде тиісті қаржы жөнінде есеп ұсынатын болады. Олар өз кезегінде, тексеруден кейін әр айдың 20-на дейін облыс бойынша деректерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Корпорацияға жібереді.

18. Корпорация республика бойынша мемлекеттік ресурстан астықты пайдалану жөніндегі деректерді қорытып, талдап отырады және оның нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне хабарлап отырады.